«ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЕУРАЗИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ЖОҒАРЫ ЕКІБАСТҰЗ КОЛЛЕДЖІ»

КЕЛІСІЛДІ:
«№23 мектепке дейінгі гимназия»
КМКК басшысы
_____ Б.Е.Темирова
«__» 02 2024 ж.

БЕКІТЕМІН:
Директордың оқу
өндірісі жөніндегі орынбасары
_____ Л.Е.Хамитова
«13» 02 2024ж.

Қалалық балабақша бүлдіршіндері арасында өтетін «BABY SKILLS» (балалардың кәсіби шеберлігін дамыту) чемпионатының

ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже «BABY SKILLS» (балалардың кәсіби шеберлігін дамыту) (бұдан әрі – Чемпионат) ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2. Чемпионаттың ұйымдастырушысы:

-«Инновациялық Еуразия Университетінің Жоғары Екібастұз Колледжі» ЖШС

- Павлодар облысының білім беру басқармасы, Екібастұз қаласы білім беру бөлімінің "№ 23 мектепке дейінгі гимназия" КМҚК

2.МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Чемпионаттың мақсаты:

-кәсіптер туралы ерте түсініктерді қалыптастыру, мектеп жасына дейінгі балалар үшін олардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімін жан-жақты бағалау;

-кішкентай балаларды еңбеккорлыққа, дәлдікке және басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу;

2.1 Чемпионаттың міндеттері:

-мектепке дейінгі жастағы балаларда әртүрлі мамандықтарға танымдық қызығушылықты, олардың маңыздылығы, негізгі еңбек әрекеттері туралы идеяларды қалыптастыру;

-балаларды қызықтыратын мамандықта қарапайым кәсіби дағдыларды дамытуға қолдау көрсету;

-өздік жұмыс дағдыларын жетілдіру;

-мектеп жасына дейінгі балаларды кәсіптік бағдарлаудың ерте нысандарын жүзеге асыруда педагог қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

3. ЧЕМПИОНАТ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

3.1 Чемпионатқа қатысушылар ересек адамның (педагог, ата-ана) сүйемелдеуімен қатысуды көздейді;

3.2 Чемпионатқа мемлекеттік тілде оқытатын балабақшалардан мектеп алды топтарынан бүлдіршіндер катыса алады(№5 ,№12, №14,№16, № 23, №26, №27,№28);

3.3 Қатысушыны тіркеуді тәлімгер толтырған өтініш негізінде арнайы бланкты толтыру арқылы жүзеге асады (Қосымша 1)

4. ЧЕМПИОНАТТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Чемпионат қалалық № 23 мектепке дейінгі гимназия базасында өткізіледі

Өткізу күні: 2024 жылғы 29 наурыз

Тіркеу: сағат 9.30-дан 10.00-ге дейін

4.2. Чемпионатты ұйымдастырушы ИЕУЖ ЕКібастұз колледжі балабақшаның дайындық топтарының педагогтарын чемпионат тәртібі және оны өткізу шарттары туралы алдын ала хабардар етеді.

4.3. Чемпионатты ұйымдастырушылар кемінде 10 күн бұрын чемпионатты өткізу туралы ақпарат пен ережені «№23 мектепке дейінгі

гимназия» балабақшасының ресми сайтында «Интернет» желісінде, Instagram беттерінде, бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады.

4.4. Чемпионат 2 турда өткізіледі:

4.5 Іріктеу кезеңі. Чемпионатқа қатысушылар өтінімдерін қабылдау, қатысушылар санын қалыптастыру.

4.6. Чемпионатты өткізу кезеңі. Қатысушыларды сайыс күні тіркеу, №23 мектепке дейінгі гимназия балабақшасы базасында өтетін сайысты ұйымдастыру (Қосымша 1).

4.7 Үздік қатысушыларды анықтау, жұмыстарды талдау, марапаттау.

4.8 Ұйымдастырушы қатысушыларды тапсырманы орындау және дайын жұмысты көрсету үшін қажетті жиһазбен (үстелдер, орындықтар), қажетті жабдықтармен және материалдармен (тапсырмалардың мазмұнына сәйкес) қамтамасыз етеді.

5. ЖҰМЫСТЫН МАЗМҰНЫ

5.1«BABY SKILLS» (балалардың кәсіби шеберлігін дамыту) чемпионаты келесі модульдерден тұрады:

I модуль «Жас аспазшы»

Мақсаты: Аспаз мамандығы туралы түсінік беру.

Тапсырма: «Менің ас мәзірім» д/ойыны Аспазшының қажетті құралдарын тауып атайды. Ас дайындау кезінде қауіпсіздікті сақтау, тағамды қайда және қалай сақтайтынын айтып береді. Жылдам дайындалатын ас дайындау.
(5-7 мин)

II модуль «Ұлағатты ұстаз»

Мақсаты: Педагогикалық мамандықтарының маңыздылығын білу, кәсіби бағдар беру.

Тапсырма: Мұғалім, тәрбиеші т.б педагогтардың қызметін көрсету.
(5 мин)

Сергіту сәті: спорттық степ-аэробика (дене шынықтыру жетекшісі ұйымдастырады).

III модуль «Жас мүсінші»

Мақсаты: Балалардың шығармашылық дағдыларды, эстетикалық талғамды дамыту және қалыптастыру болып табылады.

Тапсырма: Дайын гипстен жасалған мүсіндерді бояйды.

Олардың сипаттық белгілерін көрсетіп, әрлеу құралдарымен әшекейлейді.**(5 мин)**

IV модуль «Жас журналистер»

Мақсаты: Балалардың таным және сөйлеу қабілеттерін жетілдіре отырып, берілген сурет бойынша репортаж жасайды. Журналист мамандығының ерекшеліктерін білуге үйрету. (Спорттық, музыкалық бағдарлама, балаларға арналған бағдарлама, білім, медецина бағдарламалары, хайуанаттар әлемі, төтенше жағдайларға байланысты, мәдениет жаңалықтары)

Тапсырма: Қатысушылар мамандыққа байланысты карточкаларды таңдайды. Сол сурет тегі мамандық жайлы қысқаша журналист болып айтып береді. **(5-7 мин)**

V модуль «Жас дизайнер» Барлық балаларға ақ фудболка және әшекейлеуге арналған бұйымдар беріледі.

Берілген уақытта киімді әшекейлеп, таныстырады.

6.ЧЕМПИОНАТТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

6.1. Қатысушылардың әр құзыреттілікте жұмыстарының орындау нәтижелері бойынша жеңімпаз анықталады.

6.2. Қатысушылар I, II, III орын дипломдарымен, номинациялармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

7. ЧЕМПИОНАТТЫҢ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

7.1.Қазылар алқасының құрамына ИНЕУ Жоғары Екібастұз колледжінен директордың өндірістік оқыту бойынша орынбасары, колледж әдіскері, балабақшаның әкімшілік өкілдері және ата-аналар кіреді

8. ЖҰМЫСТЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

8.1 Қалалық балабақша бүлдіршіндері арасында өтетін «BABY SKILLS» чемпионатының бағалау критерийлері

№	Балдық жүйе	Критерий	Қойылған балдар	Ескерулер
1 Модуль **«Жас аспазшы»**	3 балл	«Менің ас мәзірім» д/ойыны Аспазшының қажетті құралдарын тауып атайды,. Тағамды қайда және қалай сақтайтынын айтып береді . Жылдам дайындалатын ас дайындайды.		
	2 балл	Аспазшының қажетті құралдарын тауып көрсетеді,. Тағамды қайда және қалай сақтайтынын шатастырып айтады. Жылдам дайындалатын ас дайындайды		
	1 балл	Тапсырмаларды орындауда көмекті қажет етті, уақытында үлгермеді,		
2 Модуль **«Ұлағатты ұстаз»**	3 балл	Мұғалім, тәрбиеші т.б педагогтардың қызметін нақты іс-қимылмен, сөзбен жеткізеді.		
	2 балл	Мұғалім, тәрбиеші т.б педагогтардың қызметін тек іс-қимылмен көрсетеді.		
	1 балл	Мұғалім, тәрбиеші т.б педагогтардың қызметін толық көрсете алмайды.		
3 Модуль ««Жас	3 балл	Дайын мүсіндерді бояйды. Олардың сипаттық белгілерін		

мүсінші»		байқай біледі.Әрлеу құралдарын қолданады.		
	2 балл	Дайын мүсіндерді бояйды. Олардың сипаттық белгілерін байқай алмайды.Әрлеу құралдарын толық қолданбады		
	1 балл	Дайын мүсіндерді бояйды. Олардың сипаттық белгілерін байқай алмайды, Мүсінді бояу әдісін орындауда қателербар, әрлеу құралдарын қолданбады.		
4 Модуль **«Жас журналистер»**	3 балл	Карточка бойынша суреттегі мамандық бойынша еркін әңгімелей алады		
	2 балл	Карточка бойынша суреттегі мамандық бойынша берілген уақытта қысқаша әңгімелей алады		
	1 балл	Карточка бойынша суреттегі мамандық бойынша әңгімелеп беруде қателер болды		
5 Модуль **«Жас дизайнер»**	3 балл	Киім үлгісі ерекше. Қимыл қозғалысы шапшаң және толықтай таныстыра біледі.		
	2 балл	Киім үлгісі ерекше. Қимыл қозғалысы орташа және қысқаша таныстыра біледі.		
	1 балл	Киім үлгісі ерекше. Қимыл қозғалысы баяу. таныстыра алмады.		
		Барлығы		

9. ЖАЛПЫ СҰРАҚТАР

9.1 Барлық сұрақтар бойынша чемпионатты ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады: Екібастұз қ. Мәшһүр-Жүсіп көшесі, 23. тел.факс (8-7187) 75-44-74

9.2 Үйлестіруші: Хамитова Лейла Есмагамбетовна ИнЕУ Жоғары Екібастұз колледжінің директордың өндірістік оқыту бойынша орынбасары, ұялы телефон/WhatsApp 87020477211, 87057078386.

9.3 Абдинова Умит Даутовна - №23 мектепке дейінгі гимназияның әдіскері, телефон/WhatsApp 87761655015

Қосымша 1

Қалалық балабақша бүлдіршіндері арасында өтетін «BABY SKILLS» чемпионатына өтінім беру үлгісі

1.	Ұйымның (балабақшаның) толық атауы	
2.	Қатысушының аты-жөні (толық, құжат бойынша)	
3.	Жасы	
4.	Педагогтың (ата-ана) аты-жөні	
5.	Байланыс құралы (телефон номері)	

Қосымша 2

Қалалық балабақша бүлдіршіндері арасында өтетін
«BABY SKILLS»
(балалардың кәсіби шеберлігін дамыту) чемпионатының
ұйымдастыру комитетінің құрамы

1	Хамитова Лейла Есмагамбетовна	ИнЕУ Жоғары Екібастұз колледжінің ЖШС директордың өндірістік оқыту бойынша орынбасары
2	Рашиева Ларшин Бекмухамедовна	ИнЕУ Жоғары Екібастұз колледжінің ЖШС әдіскері
3	АбдиноваУмит Даутовна	№23 мектепке дейінгі гимназияның әдіскері
4	Сыздыкбекова Сандугаш Сагатовна	№23 мектепке дейінгі гимназияның әдіскері
5	Жансеит Айгуль	«ИнЕУЖоғары Екібастұз колледжінің ЖШС оқытушысы